

Бекітілді:
№ 23 «Ынтықпақ» бөбөкшай баспасының
менгерушісі: Урынтаева Р.Ж.
31.08.2021ж.



**2021 – 2022 оқу жылына арналған ортаңғы «Балдәурен» тобының
вариативтік бөлім жоспары**

«Балдырған тілі»

2021 – 2022 оқу жылы.

Түсіндірме жазба

Мақсаты:

Ауызекі сөйлеу тілін және оқыту үрдісінің жаңаша инновациялық технологиялар мен халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қолдану арқылы балалардың елестету, есте сақтау, ойлауларын, сондай-ақ танымдық әрекеттерін, қызығушылықтарын дамыту.

Міндеттері:

- Артикуляциялық аппараттарын дамыту және сөздер мен барлық дыбыстарды жүйелі жаттығулар арқылы дұрыс айтуға даярлау;
- Білімдерін тереңдету, қоршаған әлем туралы түсініктердің негізінде балалардың сөздік қорларын байыту және оны белсендіру;
- Сөйлемде сөздерді үйлестіру біліктерін қалыптастыру, тілдің грамматикасының дұрыс сақталуын қадағалау;
- Диалогтік тілдесу дағдыларын жетілдіру, әңгімені қостау және қысқаша пікірлерін айта білу біліктерін дамыту;
- Қысқа тақпақтар, әңгіме, ертегі, жаңылтпаш, мақал-мәтел, тиым сөз, санамақ, ұйқас сөздерді мәнерлеп жатқа айтуды жетілдіру;
- Дидактикалық, сөздік ойындар мен дыбыстық жаттығулар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;

Мектеп жасына дейінгі ортаңғы топтағы (3жастан бастап) балалардың ауызекі сөйлеу тілін дамытудың мазмұны төмендегідей:

1.Тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу. Дұрыс сөйлеу тілін қалыптастыруда алдымен дыбыстарды қоюымыз қажет. Сол себепті дайындық кезеңі ретінде ауыз қуысына жаттығулар жасалып тілді жаттықтырамыз. Ол балалардың дыбыстарды дұрыс айта білуіне көмектесетін жаттығу түрі. Артикуляцияны дұрыс қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар қолданылады. Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарының қалпын дағдыландыруға бағытталады. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әр жаттығу әр түрлі атпен аталады. Дауыс мәнерімен жұмыс істеуді: сөздер мен сөз тіркесінің анық айтылуын жетілдіру, ақырын, қатты, жәй сөйлеу бірліктерін дамытуды жалғастырады. Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын және фонематикалық қабылдауын (сөздердің айтылуында дыбысты ажырата білу) дамытуды қалыптастырады.

2.Сөздік жұмысы. Сөздік қорларын: заттардың атын білдіретін (адам, мамандық аттары т.б.) зат есім, іс-әрекеттерді білдіретін етістіктермен және үстеумен, шылаулармен, заттың қасиеті мен сапасын (көлем, түс, пішін) білдіретін сөздермен, жаңа сөздермен толықтырады. Сонымен бірге жалпылама, топтау, ұлттық заттар атаулары, антоним және көңіл-күйді білдіретін сөздерді қолдануды жолғастырады.

3.Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру .Сөздерді септік, жекеше,көпше түрлерін дұрыс қолдана білуді жалғастырады. Етістік түрлерін сан есімдерді (есептік,реттік) зат есімдермен байланыстыруды үйренеді.Жай сөйлемді құрастыруды жетілдіреді..

4.Байланыстырып сөйлеу.Балалардыңтыңдау және сөзді түсіну, әңгімелесе білу,сұраққа жауап беру және сұрау,әңгіме құрастыру біліктерін жетілдіреді.Шағын шығармалар мен ертегілерді қайталап айтып беруге үйренеді .

5. Шығармашылық сөйлеу әрекеті. Шағын тақпақтарды жатқа айту,сөздік және саусақ ойындарына қатысу,ойыншықтармен, суреттермен әңгімелерді құрастырып айтуды жетілдіреді.

Мектеп жасына дейінгіортаңғы топтағы (3жастан бастап) балалардың тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу,сөздік жұмыс жүргізу,тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру,байланыстырып сөйлеу және шығармашылық сөйлеу әрекетін жетілдіру мақсатында «**Балдырғандар тілі**» вариативтік компонентінің 3бсағатқа арналған перспективалық жоспары құрылды.

Жоспарға ортаңғы топтағы бала жасына сай жаңаша инновациялық технологиялар мен АКТ құралдарын (аудиотаспа,бейнероликтер) қолдану, артикуляциялық,дыбыстық жаттығулар, ойындар (дидактикалық, сөздік,саусақ), қарапайым халық ауыз әдебиеті шығармалары (ұйқас сөздер, жұмбақ-жаңылтпаш,мақал-мәтел,тиым сөз, санамақ,қысқа тақпақ,ертегі,әңгіме) кірістірілді.

Жыл соңында «Балдырған тілі» вариативтік компоненті бойынша берілген тапсырмалар балалардың барлық дыбысты айтуды, жалпы жинақтаушы сөздерді қолдануды,заттардың орналасуын анықтап айтуды, сөздерді жекеше-көпше дұрыс үйлестіруді,әңгіме құрастыруды, таныс шығармаларды әңгімелеп айтуды қалыптастырады. Балалардың логикалық ойлау қабілеті,ес,зейін,қабылдау процестері дамиды, танымдық қызығушылықтары артады.

№		Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Сағат саны
I апта	Қыркүйек	«Менің балабақшам»	Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Балабақша туралы тақпақ жаттату. Балабақша туралы жақсы ой – тілектерін достарымен бөлісуге үйрету. Сөздік қорын дамыту. Балабақшадағы татулыққа, сыйластыққа тәрбиелеу	1. Артикуляциялық жаттығу «Күрекше» жатт. 2. Сурет бойынша әңгіме 3. Тақпақ жаттау 4. Балабақша ішіне саяхат 5. Қорытынды	1
II апта		«Менің достарым»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Достық, ынтымақ, татулық сөздерінің маңыздылығын түсіндіру. Мақал-мәтел жаттау. Сыйластық, татулық туралы түсініктерін кеңейту. «Ағаш тамырымен, адам досымен мықты»	1. Артикуляциялық жаттығу «Сағат» жаттығуы 2. Суретпен жұмыс 3. Мақал-мәтел жаттау 4. Қорытынды	1
III апта		«Менің сүйікті ойыншықтарым»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Ойыншықтар туралы мнемокесте арқылы тақпақ жаттату. Өзінің сүйікті ойыншығы туралы әңгімелеу. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	1. Артикуляциялық жаттығу «Инеше» 2. Ойыншықтар (мнемокесте арқылы тақпақ жаттау) 3. Дидактикалық ойын. «Артығын тап» 4. Қорытынды	1
IV апта		«Шалқан» ертегісі	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Балаларды ертегіні тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Бір-біріне сыйластық, қамқорлық, құрметтеу сезімдерін ояту. Сұраққа толық жауап беру, байланыстырып, ертегі мазмұнын бұзбай баяндауға үйретуді жалғастыру.	1. Артикуляциялық жаттығу «Түтікше» жаттығуы 2. Ертегіні оқып беру 3. Дамытушы сұрақтар 4. Қорытынды	1

I апта	Қазан	«Менің отбасым»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Мақал – мәтелдер жаттату. Өз отбасы туралы жақсы ой – тілектерін достарымен бөлісуге үйрету. Сөздік қорын дамыту. Отбасындағы татулыққа, сыйластыққа тәрбиелеу	1. Артикуляциялық жаттығу «Ине» 2. Бейнеролик «Менің отбасым» жаттығуы 3. Мақал-мәтел жаттау 4. Отбасының фотосы бойынша әңгімелеу 5. Қорытынды	1
II апта		«Алтын күз» Ғ.Қайырбеков	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Күз туралы мнемокесте арқылы тақпақ жаттату, жыл мезгілінің ішіндегі күз туралы танымдылықтарын арттыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1. Артикуляциялық жаттығу «Түтікше» жаттығуы 2. «Күз» (Сенквейн әдісі) 3. «Алтын күз» (мнемокесте арқылы тақпақ жаттату) 4. Қорытынды.	1
III апта		«Ас атасы-нан» Ә.Қалдыбаев.	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру Біздің елдің басты байлығы-нан туралы мағлұмат беру. Нан туралы тиым сөздерді жаттату.	1. Артикуляциялық жаттығу «Сағат» жаттығуы 2. Бейнеролик «Ас атасы-нан» 3. Нан туралы нақыл сөздер айту, тақпақты жаттау. 4. Қорытынды.	1
IV апта		«Құстар-біздің досымыз»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру Құстарға камқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғауға, аялауға тәрбиелеу. Қысқа тақпақты жаттауға үйрету.	1. Артикуляциялық жаттығу «Мысық ашуланады» жатт. 2. «Бұл қай құстың дауысы?» (Аудио тыңдау арқылы) 3. Жұмбақ шешу. 4. Құстар туралы тақпақ жаттау. 5. Қорытынды	1

I апта	Қараша	«Қай жыл мезгілі?»	Балаларды табиғатты өлең жолымен немесе қара сөз түрінде сипаттауға үйрету; есту, ойлау қабілеттерін дамыту. Кеспе қағазды балалар жыл мезгілін дұрыс атағаннан кейін ғана көрсету. Өлең жолдары арқылы жыл мезгілін табу.	1.Артикуляциялық жаттығу «Күркетауық» 2.Жыл мезгілдері тақпақ. 3. Мақал жаттау 4.»Қай жыл мезгілі?» (кеспе суреттерден) 5.Қорытынды	1
II апта		«Алма»ертегісі	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру Балаларды ертегіні тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету.Бір-біріне жанашырлық,сыйластық сезімдерін ояту. Сұраққа толық жауап беру, байланыстырып,ертегі мазмұнын бұзбай баяндауға үйретуді жалғастыру.	1.Артикуляциялық жаттығу «Параход»жатт. 2. Ертегіні оқып беру 3.Дамытушы сұрақтар 4.Қорытынды	1
III апта		«Төрт түлік малдың пірлері»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру.Төрт түлік малдың пірлері,пайдасы туралы тақпақтар арқылы түсіндіріп,жаттату.Мақал жаттату арқылы балалардың сөздерді дұрыс айтуын ,есте сақтау қабілетін дамыту.	1.Артикуляциялық жаттығу «Күрекше»жатт. 2. «Бұл қай түлік?» (Аудиодыбыс арқылы) 3. Төрт түлік туралы мақал жаттау 4. Д/ойын «Не жоқ?» 5. Қорытынды	1
IV апта		«Аталы сөз-баталы сөз»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру Сурет бойынша үлкендер еңбегі туралы сұраққа толық жауап беру, диалогты сөйлеуге үйретуді жалғастыру.Мақалдың мазмұнын түсініп,жаттауға үйрету(«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»)	1.Артикуляциялық жаттығу «Саңырауқұлақ» 2. Диалогты сөйлеу (Суретпен жұмыс) 3.Отбасы туралы санамақ айту 4. Мақал жаттау. 5.Қорытынды.	1

I апта	Желтоқсан	«Отбасы» өлеңі (М.Қуанышбеков)	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру Балаларды өзіне тапсырылған істі тиянақты орындауға, отбасында, достардың ортасында жауапкершілікті болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу	1.Артикуляциялық жаттығу «Қоршау»жаттығуы 2.Д/ойын «Ретімен орналастыр» 3. «Отбасы» өлеңін мнемокесте арқылы жаттау 4.Д/ойын «Артығын тап» 5.Қорытынды.	1
II апта		«Жұмбақтар шешейік»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру.Есте сақтау,ойлау қабілетін арттыру,жұмбақтарды жаттап,қайталауға үйрету.	1.Артикуляциялық жаттығу «Кесе»жаттығуы 2.Д/ ойын «Жұмбақ құрастыру» 3.Жұмбақ жаттау 4.Д/ойын Көлеңкесін тап» 5.Қорытынды	1
III апта		«Бала тәрбиесі-бесіктен» (Сурет бойынша әдепті бала және әдепсіз бала туралы әңгімелеу)	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру.Суреттегі жағымды,жағымсыз қылықтарды ажыратып,байланыстырып әңгімелеуге үйрету.Антоним сөздерді қолдана білуді жалғастыру. Тілін,сөздік қорын дамыту	1.Артикуляциялық жаттығу «Бақа»жаттығуы 2. «Сөйлемді аяқта» (Суретпен жұмыс) 3. «Мақал-мәтел» айту 4.Қорытынды	1
IV апта		«Саусақ санау ойыны»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Сөз тыңдауға, санамақтың мазмұнын түсінуге үйрету; саусақтардың қимылымен сөздерді байланыстыру.	1.Артикуляциялық жаттығу «Тарақ»жаттығуы 2. «З,С» дыбыстарына дыбыстық жаттығу 3. «Саусақ санау ойыны» сөздерін жаттау 4.Білетін санамақтарды қайталау 5.Қорытынды	1

I апта	Қаңтар	«Менің бауырларым»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Отбасындағы туыстық қатынас туралы білімдерін жетілдіре түсу. Аға, іні, қарындас, әпке туралы түсінік беру. Мақал жаттау .Отбасындағы татулыққа, сыйластыққа тәрбиелеу .	1.Артикуляциялық жаттығу «Футбол»жаттығуы 2.Әңгімелесу (Отбасы фотосуреті бойынша) 3. Мақал жаттау 4. Сергіту сәті. 5.Қорытынды	1
II апта		«Маша ме аю» ертегісі	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру Балаларды ертегіні тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Сұраққа толық жауап беру, байланыстырып,ертегі мазмұнын бұзбай баяндауға үйретуді жалғастыру,тілдерін жаңа сөздермен байыту.	1.Артикуляциялық жаттығу «Сылақшы»жатт. 2. Ертегіні оқып беру. 3. Дамытушы сұрақтар 4.Қорытынды.	1
III апта		«Суретші қыс» К.Нүсіпов	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру.Өлеңді көрнекі құралдар көмегімен жатқа айтуға,оны дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету.Балаларды шығарма мазмұнын қоршаған ортамен байланыстыра білуін үйрету.	1.Артикуляциялық жаттығу «Құймақ»жаттығуы 2.Өлеңді оқып беру 3.Жетекші сұрақтар 4.Қ/ойын:»Қар жинау» 4.Қорытынды	1
IV апта		Д/ойын «Кім көп біледі?»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру.Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту; олардың заттар жайлы білімін кеңейту; тапқырлық, зеректік қабілеттерін тәрбиелеу. Бір заттың бірнеше рет қалай қолданылатынын еске түсіріп, атау.	1.Артикуляциялық жаттығу « Қамыр»жаттығуы 2. Д/ойын «Ненің жұбы болады?» 3. Д/ойын «Кім көп біледі?» 4.Қорытынды	1

I апта	Ақпан	«Марғау қыс мезгіліне қалай таң қалды?» (Әңгіме құрастыру)	Дыбыстарды дұрыс айтуды жалғастыру. Табиғат көріністерін сипаттау бойынша қысқа әңгіме құрастыруды жалғастыру. Қимыл әрекеттерді білдіретін етістіктерді қолдана білуді үйрету. Балаларды жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, табиғатты аялауға, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	1. Артикуляциялық жаттығу «Тәтті тосап» жаттығуы 2. Сипаттау бойынша әңгіме құрастыру. 3. Жұмбақ шешу 4. Қ/ойын: «Мұздатамын» 5. Қорытынды	1
II апта		«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі	Дыбыстарды дұрыс айтуды жалғастыру. Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру. Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру.	1. Артикуляциялық жаттығу «Тіс тазалау» жаттығуы 2. Жұмбақ шешу. 3. Ертегіні оқып беру. 4. Дамытушы сұрақтар. 5. Қорытынды	1
III апта		«Әсемпаз болма әрнеге» А. Құнанбаев	Дыбыстарды дұрыс айтуды жалғастыру. Ұлы ақынның өмірімен таныстыру. А. Құнанбаевтың өлеңін жаттату. Өлеңдегі жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру. Тілін, сөздік қорын дамыту.	1. Артикуляциялық жаттығу «Құймақ» жаттығуы 2. А. Құнанбаев-ұлы ақын (Буклет арқылы) 3. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін жаттау 4. Қорытынды	1
IV апта		«Туған күн» (шығармашылық әңгімелеу)	Дыбыстарды дұрыс айтуды жалғастыру. Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. Туған күн қуанышы туралы түсінік беру. Туған күнге тілек-бата жаттату. Өзара сыйластық сезімдерін дамыту.	1. Артикуляциялық жаттығу «Ат шауып келкді» жаттығуы 2. Ойын «Ыстық орындық» 3. Туған күнге тілек--бата жаттау 4. Қорытынды	1

I апта	Наурыз	Мақал-сөздің мәйегі «Ананың сүті-бал, Баланың тілі-бал»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру .Отбасындағы ананың рөлі туралы түсінік беру.Балалардың өздеріне аналары жайлы әңгімелету арқылы отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық туралы түсінік беру.Ананы қадірлеуге тәрбиелеу.	1.Артикуляциялық жаттығу « Ине» жаттығуы 2. Ана туралы ән тыңдау. 3. Әңгімелеу «Мен -анамның гүлімін» 4. Мақал жаттау 5.Қорытынды	1
II апта		«Киіз үй жабдықтары»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру Киіз үй жабдықтарымен танысу.Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығын, балалардың есте сақтау қабілеттерін,сөздік қорын жаңа сөздермен дамыту.Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға баулу.	1.Артикуляциялық жаттығу «Түтікше» жаттығуы 2. Бейнеролик «Киіз үй» 3. Суретпен жұмыс «Киіз үй жабдықтары» 4.Сергіту сәті «Киіз үй» 5. Қорытынды	1
III апта		Сөздік ойын «Қарама-қарсы сөздер»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру.Балалардың зеректік, жылдам ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздерді мағынасы жағынан керісінше айту арқылы сөздік қорын антоним сөздермен толықтыру. Допты лақтырып, қағып алып,кері сөз айтуға үйрету.	1.Артикуляциялық жаттығу «Сағат»жаттығуы 2.Суретпен жұмыс «Антоним сөздер» 3.Д/ойын «Қарама-қарсы сөздер» 4. Қорытынды	1
IV апта		«Төлдер жыры»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Төрт түліктің төлдерін ажыратуға, қысқа тақпақтарды мәнерлеп жаттауға үйрету.Ойын арқылы кеңістікті бағдарлау сөздерін айтуды бекіту.Тілін,сөздік қорын дамыту	1.Артикуляциялық жаттығу «Мысық ашуланады»жатт. 2. Д/ойын «Не қалай дыбыстайды?» (аудиотаспа арқылы) 3. Д/ойын «Төлдерді табайық» 4. Қорытынды	1

I апта	Сәуір	<p>«Әке мен бала» Ы.Алтынсарин</p>	<p>Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Балалардың әңгімені түсініп тыңдауға және сұраққа толық жауап беруге үйрету. Ересектермен қарым-қатынас ережелерін сақтауға, еңбекке қызығушылыққа және оның нәтижесін құрметтеуге үйрету.</p>	<p>1. Артикуляциялық жаттығу «Күркетауық» жаттығуы 2. Әңгімені оқып, түсіндіру. 3. Мақал-мәтел 4. Қорытынды</p>	1
II апта		<p>«Жаңылтпаш» жаттайық</p>	<p>Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. «Ж, Ш» дыбысы бар сөздерді қайталату. Өлеңнің мазмұнын түсінуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету. Жаңылтпаш жаттату. Сөздік қорын дамыту. Есту зейінділігін, фонематикалық есту қабілетін дамыту.</p>	<p>1. Артикуляциялық жаттығу «Параход» жаттығуы 2. «Ж, Ш» дыбысы бар буындарды қайталау 3. «Жаңбыр» өлеңін оқып беру. 4. Жаңылтпаш жаттау. 5. Қорытынды</p>	1
III апта		<p>«Отбасым»</p>	<p>Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Мақал – мәтелдер жаттату. Сөздік қорын дамыту. Отбасындағы татулыққа, сыйластыққа тәрбиелеу</p>	<p>1. Артикуляциялық жаттығу «Күрекше» жаттығуы 2. Бейнеролик «Отбасым» 3. Мнемокесте арқылы мақал жаттау 4. Қорытынды.</p>	1
IV апта		<p>«Қызыл телпек» ертегісі</p>	<p>Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Балаларды ертегіні тыңдап, мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге көмектесу. Сұраққа толық жауап беру, байланыстырып, ертегіні баяндауға үйретуді жалғастыру.</p>	<p>1. Артикуляциялық жаттығу «Саңырауқұлақ» жаттығуы 2. Ертегіні оқып беру. 3. Дамытушы сұрақтар 4. Қорытынды «Нақыл сөз».</p>	

I апта	Мамыр	«Ағайынбыз бәріміз» (Сурет бойынша әңгімелеу)	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Достық, ынтымақ сөздерінің маңыздылығын түсіндіру. Мақал-мәтел жаттау. Сыйластық, татулық туралы түсініктерін кеңейту.(«Ағаш тамырымен, адам досымен мықты»)	1.Артикуляциялық жаттығу «Қоршау»жаттығуы 2. «Ц;Ч» дыбыстары бар буындарды айтқызу 3.Суретпен жұмыс 4.Мақал жаттату. 5.Қорытынды	1
II апта		«Тыйым сөздер»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру. Сурет арқылы халық даналығы-тиым сөздердің тәрбиелік мәні туралы түсінік беру. Мнемокесте арқылы тиым сөздерді үйрету.	1.Артикуляциялық жаттығу «Кесе»жаттығуы 2.Ұйқас сөздерді қайталату. 3. Мнемокесте арқылы тиым сөз жаттау 4. Қорытынды	1
III апта		«Малдың баласын сүюі» (еркелетіп айту сөздерін жаттату)	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру.Төрт түлік мал,олардың төлдері туралы түсінігін кеңейту. Тақпақ жаттату арқылы тілін,есте сақтау қабілетін дамыту.	1. Артикуляциялық жаттығу «Бақа»жаттығуы 2. Д/ойын «Төлін тап» 3. «Малдың баласын сүюі» тақпағын жаттату 4. Қорытынды	1
IV апта		«Біз не үйрендік?»	Дыбыстарды дұрыс айтуды жаттықтыру Есту зейінділігін, фонематикалық қабылдауын дамыту: балаларға сөздегі дыбыстарды дұрыс айтуға, байланыстырып сөйлеуге,сұраққа толық жауап беруге үйрету.Тілдерін дамыту.	1.Артикуляциялық жаттығу «Тарак»жаттығуы 2. «Дыбыстың артикуляциясы» 3.Жаңылпаштар,жұмбақтар ертегі,әңгімелер,тақпақтар. 4. Қорытынды	1
Барлығы				36	

